

**"Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 98 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 160 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 5139 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27, 50-баптарына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 98 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5019 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 26 мамырында жарияланды).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары В.В.Лисинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

*А. Токтаров*